

**КЛАССИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ.  
ФИЛОСОФИЯДА ҰЛЫ ЖҮЙЕЛЕРДІ  
ЖАСАУШЫЛАР.**


**ПЛАТОН** МЕН **АРИСТОТЕЛЬ**



**Тексерген : Қайратұлы Самат**  
**Орындаған:Шынарбек Бауыржан**  
**ОспановаАқбалдан,**  
**ТұрсынтайТұрар,**  
**Серикбаев Темірлан.**

# Аристотель

Аристотель (көне грекше: Ἀριστοτέλης; б.з.б. 384 ж., Стагира (Орталық Македония), Халкидики түбегі — б.з.б. 322 ж. 7 наурыз, Халкида, Эвбея аралы) — ежелгі грек философы, Платонның шәкірті, Ескендір Зұлқарнайынның (ұлы Александр) ұстазы, «адамзаттың бірінші ұстазы» деген құрметті атаққа ие.



Ол ғылым мен парасаттың көптеген тақырыптарын жүйелі әрі жан-жақтылы зерделеп, жаратылыс пен өмірдің түрлі құбылыстарына нақты ғылыми зерттеулер жасап, артына сүбелі еңбектер жазып қалдырды. Аристотель ғылымның көптеген саласының алғашқы негізін қалады, олардың арасында физика, метафизика, поэтика, театр, музыка, логика, риторика (шешендік өнері), саясат, этика, эстетика, биология, зоология және экономика қатарлылар айрықша аталады. Ол қалдырған философиялық пайым жүйесі мен ғылыми зерттеу дәстүрі кейінгі мұсылмандық және христиандық мәдениетке, шығыс-батыс өркениетіне айрықша ықпал етті. Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлы өзінің «Ескендір» поэмасында Ескендірдің көзтоймастығына салыстырмалы Аристотельдің ғажайып даналығын айқын сипаттайды.

# Платон туралы



Платон (көне грекше: Πλάτων, б.з. д. 427 — 347) — ежелгі грек философы, математик, Сократтың шәкірті, еуропалық идеализм философиясының негізін салушы. Платон оның лақап аты болып, жауырыны кең болғандықтан "жалпақ", "кең" деген мағынада Платон деп аталған. Платонның шын есімі — Аристокл.



Платон философиялық ізденістің алғашқы нұсқасының бірегей өкілі болды. Әсіресе классикалық философия Платонды өз арқау дәстүрі етіп қалыптасқаны белгілі. Платонның Афина қаласында құрған Академиясы адамзат мәдениетіндегі ең алғашқы жоғары оқу орынының таңдаулысы есептеледі. Платон және ұстазы Сократ және шәкірті Аристотель үштігі шығыс (мұсылман әлемі) пен батыс (христиан әлемі) тарихында философия мен ғылымның алғашқы негізін қалаған ойшылдар есептеледі.



- Әдетте, Платонға қатысты "Платонша махаббат",-----"и дея туралы--- теория", "тума----- білім", "Платон коммунизмі" қатарлы---- ұғымдар көбірек---- айтылады. Оның----- басты теориясы---- дерексіз объект - нақты өмір суретін нәрселердің артында---







Платонның алғашқы өмірі мен тәрбиесі туралы деректер жоқтың қасы. Тек бұл философ Афинадағы өте бай саясаткер отбасында туылғаны белгілі. Антикалық дереккөздер оның үйренуге құштар, өте кішпейіл жас болғанын сипаттайды. Оның әкесі баласына өз заманындағы білімді ұстаздардан грамматика, музыка, спорт және философия салалары бойынша өте жақсы тәрбие алуға жақсы мүмкіндік жасағаны байқалады.






Платон өз шығармашылығында түрлі жазушылық үлгісін кең пайдаланған, әсіресе ойшыл-ғұламалар ортасындағы философиялық сұхбатты негіз еткен Платон диалогтары үлгісі негізгі орында тұрады. Платон диалогтары философияны, этиканы, риториканы, дін және математиканы қамтыған ғылым-білім


IKAZ.KZ - ашық мәліметтер порталы




- Платонның анасы Периктион болып, Периктион өйгілі Солон патшаның жақын туысы деп әспеттелген. Солон патша Афинаның тұңғыш заң шығарушы билеушісі, Сақ ойшылы Анахарсистің досы, ақын, жеті ғұламаның бірі есептеледі. Периктион сондай-ақ олигархтық режимдегі Отыз тианның бірі болған Хармиданың қарындасы, Критийдің жиені болып, олардың бәрі Пелопоннестік соғыс (б.з.д.404–403) соңында



імен





- Платонның шынымен нақ қай уақытта қайда туылғаны түбегейлі айқын емес, бірақ оның ықпалды аристократ отбасыда туылғаны анық. Антикалық негізгі дереккөздер Платонның Афинада, немесе Эгинада б.з.д 429 бен б.з. д. 423 жылдар аралығында туылғанын айтады.
- Платонның әкесінің аты Аристон (Ἀρίστων). Диоген Лаэртскийдің айтуынша, Аристон Афинаның патшасы Кодр (Κόδρος) және Мессен патшасы Меланфпен (Μέλανθος) қандас туыс болып келеді екен.

Сократ, Платон, Аристотель үштігі ежелгі грек философиясының шыңы ретінде айырықша құрметпен аталады.

Аристотель ең алғаш этика, эстетика, логика, ғылым, саясат және метафизика сияқты мәселелерді толық қамтитын жан-жақты философиялық жүйені құрды.

Аристотельдің физикалық көзқарастары ортағасырлық ғылымның қалыптасуына терең әсер етіп, ренессанс дәуіріне дейін созылды. Бірақ кейін ол Ньютон физикасына орын берді.

Оның алты кітаптан тұратын «Органоны» ойлау әдісін қарастыратын логиканы тұңғыш рет философиялық деңгейге көтерді. Оның еңбектерінде ең алғашқы логикалық зерттеулер жасалған, соның негізінде ХІХ-шы ғасырда формальды логика ғылымы қалыптасты.



# Ғұмырбаяны және шығармашылығы

- Аристотель сөзінің грекше мағынасы «Ұлы мақсат» дегенді білдіреді[8]. Аты "Ұлы мақсат" дегенді білдіретін Аристотель Македонияға қарасты Халкида түбегіндегі Стагира қаласында б.з.д. 384 жылы туылған. Стагира қаласының орыны бұл күндері Салоникиден 55 км қашықтықта жатыр. Оның әкесі Македония патшасы Аминтастың жеке дәрігері болған. Аристотель де өте жас кезінде монарх ордасында болыпты. Әкесі Никомах Аристотельдің жас кезінде қайтыс болады. Бірақ Аристотель ақсүйектерге лайықты тәрбие және білім алды.



«Аристотель мен Ескендір: Аристотель сабақ беруде». Британ кітапханасы, мұсылман халықтары дәстүрінде

18 жасында Аристотель Афина қаласына барып, Платон Академиясында шамамен жиырма жыл бойы – б.з.д. 347 жылы Платон қайтыс болғанға дейін академиялық білім алады. Платон Аристотельді өте ұнатты деу қиын, Аристотель де Платонның негізгі көзқарастарына қарата өзгеше пікірде болған және Платонмен дауласып қалып отырған. Әрине, ол бүкіл өмірінде Платонға деген құрметінен айныған жоқ.

■ Платон қайтыс болған соң Академиядағы жаңа басшы математикаға көбірек назар бұрғандығына Аристотель төзе алмай Афинадан кетеді. Академияның жаңа басшыларының идеясын жақтамаса да, ол академиямен байланысын үзбеген. Кейін ол Ксенократпен бірге Кіші Азиядағы (Бүгінгі Түркиядағы) Гермияс патшаның иеліктеріне сапар шегеді. Азияда болған кезінде ол Теофрастпен бірге Лесбос аралына сапар шегіп, екеуі аралдың өсімдік және жануар әлемін зерттеді. Аристотель Гермиястың қызы (не қарындасы) Питияға үйленді. Одан туған қызды да Пития деп атады. Гермияс бір реткі бүлікте кездейсоқ өлтірілген соң Аристотель отбасымен Кіші Азиядан кетуге мәжбүр болады. Сол кезде Аристотельді Македония патшасы II Филипп өзінің 13 жасар ұлы Ескендірге (Македондық аты Александр) тәлімгер болуға шақырады. Бұл кезде ол тек Ескендірге ғана емес, басқа екі болашақ патшаға, яғни I Птолемей Сотерге және Кассандрға да сабақ берген.



# Аристотель терминологиясы (кейбірі)

- account: logos - негіз
- art: technê - өнер
- artisan: technitês - шебер
- cause: aitia, aition - себеп
- difficulty: aporia - тығырық, парадокс
- essence: to ti ên einai - болмыс
- form: eidos - түр, эйдос, форма, идея
- generation: genesis - туу
- goal: telos - мақсат
- knowledge: epistêmê - білім
- necessity: anankê - қажеттілік
- principle: archê - ереже
- substance: ousia - субстанция, әуелзат
- why: dia ti, dioti - неліктен
- wisdom: sophia - даналық

# Философия

- *Толық мақаласы: Аристотель философиясы*
- Аристотель өзінің «Метафизика» еңбегінде тұңғыш сөзді «Адам табиғаты білуге құштар...» дегеннен бастайды. Бұл ақыл-парасат пен ғылыми білімнің адамзат үшін маңызын да, ғаламат құдіретін де, айырықша салмағын да аңғартса керек. Аристотельдің ойынша адам ғылым мен философияға тек табиғи қажеті қанағаттанып, қоғамның материалдық деңгейі толысып, бос қалған кезде (бос уақыты болған кезде) басталады және ол көбінесе таңырқауды алғашқы себеп етеді.
- Аристотель өзіне дейінгі философия мен ғылым жетістіктерін қорытып, жаңа жүйеге келтіріп, түрлі ғылым саласынан көптеген құнды еңбектер жазып қалдырды. Кейбір деректер бойынша оның еңбектерінің саны төрт жүзге, екінші бір деректер бойынша мыңға жеткен.

# Философия туралы

- Аристотельдің философиялы көзқарасы «Метафизика», «Рух туралы», «Категориялар және «Алғашқы және кейінгі Аналитика» деген шығармаларында жете пайымдалған. Аристотель философияны "шынайы ғарыштың себептерін зерттейтін ілім" деп бағалады.



**Афина мектебі,  
Рафаэль. Үлкен  
суреттің орталық  
бөлігі.**

- Бұл Платонның философияны "Идеяны тану ілімі" дегеніне қарсы айтылған. Ұстаз да, шәкірт те философияны ғарышты тану деп түсінген. Бірақ ғарышты қалай тану және ғарыштың негізгі мәні не деген мәселеде екеуі екі бағыт ұстанды. Платонның айтуынша, идея барлық нәрсені сомдаған арытқы себеп. Алдымен ғарыштық идея өмір сүреді, ол тұрақты, баянды, бірегей, мәнді, ал құбылыс идеяның көрінісі болып, уақыттық, ауыспалы, өткінші нәрсе. Аристотель бұған келіспеді. Ол әрбір нақты нәрсені негіз етіп ғарышты зерттеудің ғана болашағы бар екенін, егер нақты осы заттар болмаса идея да өмір сүрмейтінін уәж етті. Платонда нақты нәрсе мен идея ортасындағы байланыс күңгірт болып, идея ғарыштың бір қалыбы, үлгісі дегеннен ары ұзамады. Платон нақты нәрсе туралы білім мәнді білім емес, шынайы білім біртұтас идеяны білу деп есептеді. Аристотель тек нақты білім ғана шынайы білім береді, біз өз тәжірибеміз бен зердеміз арқылы нақты нәрсені зерттегенде барып дүниенің мәнін түсіне аламыз деп есептеді.

- Аристотель ғылым классификациясында онтологиялық философияны ең жоғары орынға қояды. Басқа ғылымдар болмыстың кейбір жақтарын ғана зерттеумен шұғылданса, онтологиялық философия болмыстың жалпы табиғатын зерттейді деп есептеді.



Аристотель  
ескерткіші,  
Фрайбург  
университеті, А.  
Берманн туындысы

# Жаратылыстану

- Афинада тәлім-тәрбие ісімен айналысқан кезінде Аристотель сол заманның көптеген ғылыми зерттеулеріне жетекші болады, және бұл оның өмірінің кейінгілерге біршама таныс мезгілі есептеледі.



Аристотель бюсті

**Назарларыңызға  
рахмет!!!**